

жырында Баянның бет келбетінің аппақ айдай, бойы тұзу талдай болуы метафоралық бейнелеу десек, космологиялық түсініктерінде қыздың көркін жоғары деңгейде дәріптеу үшін пайдаланған.

Табиғат қазақтың анасы мен атасы, ал табиғат аясы – бесігі. Қазақтың табиғаты қандай бай, даласы кең болса мінезі де сондай дарқан, кең. Өзінің кең даласын кең пейілге теңеу, өзін кең далаға ұқсату тұтастық идеясынан туындайды. Қазақ адам сипатын осы табиғаттың қасиеттерімен көрсеткен: жазық мандай, қыр мұрын, ақша бет; мінез өзгерістерін: қабағы суық, қатулы, күндей күлімдеген көзі, жадыраған жаздай мінезі. Абайдың «Қыс» өлеңі де осы ойды дәлелдей түседі. Қазақтың жерге төсек төсеп, малдас құрып отыра қалуы немесе жата қалуы да қызық құбылыс. Оны қазақ жерден күш-қуат, қайрат алудың көзі деп түсінген. Немесе бала ауырғанда жер ұшық беріп жерге аунату да, сол ұлт менталитетіндегі адам мен табиғат арасындағы тығыз байланысты, тұтастықты білдіреді. Мәселен, қазақтың туған елге, кіндік қаны тамған жерге асығып тұратыны да осы тұтастық идеясының көріністері. Өкінішке қарай, бүгінде ұлт пен табиғат арасында алшақтық пайда болған. Оның басты себебі, бүгінгі батыстық өркениет туғызған технологиялық детерменизм негізінде қалыптасқан табиғатқа деген агрессивтік, тұтынушылық көзқарас. Қоғамдық қатынастардың, экономика мен өндірістің, жалпы прогресстің антропологиялық, этникалық және ментальдық сипатынан айырылуы, бүгінде қоршаған орта мен адамдар өміріне қауіп төндіруде. Сондықтан, қазақтың дәстүрлі менталитетіндегі экологиялық императивтерді қайта жаңғырту, халық даналығын қазіргі өмір сұранысына айналдыру басты мәселелердің бірі.

Адамдар өмірге келеді және кетеді, ал өлгендерді «қайтыс болды» дейді, яғни о дүниеге қайтты, кетті деген мағынада. Және айтулы уақыт өткен соң оның о дүниеден қайта оралатынын да біледі. Сондықтан халқына көп жақсылық жасаған, ерекше мәнді өмір сүрген адамдар қайтыс болғанда «қайырын берсін», яғни ортамызға қайтадан оралсын» деп тілеу айтады. Әр кезеңде әрқилы түрде сөзсіз қайталанып отыратын эволюциялық дамудың айналым сатысындағы қайталау мен даму көшпелілердің мүшелдік күнтізбесінде ғажап көрініс тапқан.

Сонымен, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне» келсек, аталмыш мақалада дәстүрлі қазақ мәдениетінің табиғи ғарыштық негіздерін, дүниеге көзқарасын қарастырып өттік. Ғарыштық, космологиялық ұғымдардың қазақ халқының рухани дүниетанымындағы орны ашып көрсетілді. Адамдардың жұлдыздармен, аспан әлемімен қатынасы, тұрмыстық өмірдегі маңызы анықталды. Киіз үйді – ғарыштың символы, кіші нұсқасы ретінде қарастыра отырып, оны кеңістікті игеру құралына теңгерген. «Тәңірлік» дүниетаным мен аспанға табынудың мәні анықталды [5, 102б.].

Қолданылған әдебиеттер:

1. Толеубаев А.Т. «Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов» (XIX – начало XXв). Алма-Ата, 1991г, - С.256
- 2.В.В. Евсюков. «Мифы о мироздании: вселенная в религиозно-мифологических представлениях». Москва, 1986г, - С.150
- 3.Орынбеков М.С. «История философской и общественной мысли Казахстана» (с древнейших времен по XII в). Алматы, 1997г, - С.153
- 4.Кишибеков Д., «Кочевое общество». Алматы «Наука», 1984, - С.232
- 5.Мирча Элиаде «Космос и история». Москва, 1987г, - С.186

Еркенова З., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, МДОЖТ – 23 тобының студенті
(Ғылыми жетекшісі - п.ғ.к., доцент **Айтжанова Р.М.**)

ЕРЕСЕКТЕР ТОБЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Ата ұрпақ өзінің өмір сүру кезеңінде өсіп-өніп, даму арқылы жетілу жолында тапқан, таныған, бойына жиналған барлық игілікті өсіп келе жатқан кейінгі жасөскер ұрпақ бойына сіңіру жолында еңбек етіп келеді. Бұл процесс – тәрбие деп аталады.

Тәрбиенің құдіреті – тірі, саналы денеге жер бетіндегі өмір қиындықтарын жеңгізе отырып, тәрбиенің нұрлы қуатын себу. Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, көкбайрағы көкке желбіреп, Елтаңбасы еңсе көтеріп, әсем Ән ұраны қашанда ұлт ұрпағын саналы, намыс жігері бар әр ұрпағын әуенімен аялауда. Бүгінгі таңда біздің алдымызда тұрған міндет – құзіретті, бәсекеге бейім және әлеуметтік ортада өзін-өзі басқара алатын, саналы тұлға қалыптастыру.

XXI ғасыр. Жаңа мыңжылдыққа қазақ ұлты тәуелсіз, азат елдің тізгін ұстар иесі ретінде аттап отыр. Алды үміт жаңа ғасырдың арты өкінішке ұрындырмас үшін қандай қам-қарекет қылмақ керек? Ол үшін мектеп жасына дейінгі жастан баланың өзін-өзі бағалауына қолайлы жағдай жасалуы тиіс. Олай дейтініміз, өзін-өзі бағалау ересектер тобындағы баланың тұлғалық қалыптасуына байланысты іс-әрекеттің тиімділігіне әсер етеді [1, б. 6-7]. Ол өзінің сәтсіздіктерімен мен табыстарын бағалауды жанамаламайды және талаптану деңгейінің негізін құрайды. Қиындыққа мойымау, тірлік түбірін түйіндеу, келешектің келбеті мен келісімін түгендеу – елдікке ұмтылыс, ұмтылыстың белді белестері, ұтымды бәсекелесі. Ал, елдікке ұмтылыста ұтылатын, ұсақтанатын өзін-өзі бағалай алмайтын жас ұрпақ болмауы керек. Бала жеке адам немесе жеке тұлға ретінде қоршаған ортада қалыптасады, яғни қоғамда тәрбиеленеді, үйренеді, көреді, оқиды. Баланы оқыту мен тәрбиелеу күрделі процесс.

Балаға деген сыйластық сезім, оның жеке тұлғалық қасиеттерін бағалау позитивті бағалау стратегиясының негізінде жатыр. Тәрбиеші-педагогтар мен ата-аналардың балалардың іс-әрекетін бағалауда бұл схеманы дұрыс қолданулары бала бойында адекватты өзін-өзі бағалау, талдай білу және өз іс-әрекетін бақылаудың қалыптасуын жүзеге асырады. Біз төменде ата-аналар мен педагогтар үшін берілген ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі позитивті бағалауының стратегиясын беріп отырмыз.

Ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі позитивті бағалауының негізгі стратегиялары:

- Балаға деген оң баға, оған тұлға ретінде қарау, оларға мейіріммен қарау («Мен білемін, сен шамаң келгенше орындадың»).
- Тапсырманы орындау барысында немесе жүріс-тұрыстың ережелерін бұзғанда баланың жіберген қателіктерін көрсету («Сен жаңа жұрыс жасамадың, Әлияны итеріп жібердің»).
- Жүріс-тұрыстың кемшіліктеріне, оның себептеріне талдау жасау («Саған Әлия сені әдейі итеріп жібергендей көрінді, бірақ ол әдейі жасаған жоқ»).
- Баламен бірге жіберген қателіктерді қалай жоюға болатындығын ойлану.
- Балаға сенімділік арту («Сен бәрін түзейді деп ойлаймын»).

Осылайша баламен жұмыс жасағанда ол әрқашанда кері байланыста болады. Позитивті кері байланыс балаға оның істерінің дұрыс екендігін айтып тұрады. Осы арқылы бала өзінің әрекетінің дұрыс екендігіне көзін жеткізеді.

Жақсы көңіл-күй, жымию, мадақтау, қолдау – бұның бәрі оң көмек берудің үлгісі болып табылады. Бұлардың бәрі сайып келгенде ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі бағалауының көтерілуіне, позитивті «МЕН» образын тудыруға әкеледі.

Баланы өзінің алдына қолынан келетіндей мақсат қоюға, алдынан кездескен қиындықтарды мойымай жеңіп шығуға бағыттау керек.

Берілген эмпирикалық зерттеулер Қарағанды қаласы «Жұлдыз» мектепке дейінгі ұйымында өткізілді. Тәжірибелік зерттеу жұмысына қатысқан бала саны 33, ересектер тобы, оның ішінде 13 ұл бала, 20 қыз бала.

Эмпирикалық зерттеу процесінде мектепке дейінгі ұйымның ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі бағалауының құрылымдық компоненттері мен олардың өзін-өзі бағалауының, өзін-өзі анықтау мен осы жастағылардың алдыңғы іс-әрекеттері арасындағы қатынастың ерекшеліктерін анықтауды жүзеге асыру үшін біршама жұмыстар жүргізілді. Атап айтсақ:

- жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін білу;
- балалардың өзін-өзі бағалауын зерттеу;
- ересектер тобындағы өзін-өзі бағалаудың көрінуінің құрылымдық компонентін оқып білу.

Осыған орай ересектер тобындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері келесі әдістердің көмегімен зерттелді:

- балалардың өзін-өзі бағалауына арналған В.Г. Щурдың «Саты» әдістемесі [2, б.57];
- «Өзінді сал» әдістемесі авторы А.М. Прихожан [3, б.21-23];
- мектеп жасына дейінгі балаларға арналған элеуметтік өлшем әдісі авторы (Морено);
- ересектер тобындағы балалардың ойын, оқу, серуендеу кездеріндегі жетекші іс-әрекеті

бақыланды.

В.Г. Щурдың [4, б. 69-70] балалардың өзін-өзі бағалауын оқып білуге арналған «Саты» әдістемесі төмендегідей міндеттерді шешуге арналған:

- ересектер тобындағы балалардың жеке бас ерекшеліктерін анықтау;
- қайырымдылық;
- ақылдары мен қабылеттері;
- күшін;

- батылдығын;
- ішкі жан дүниесін;
- ерік жігерін оқып үйренуге арналған.

Берілген әдістеме бойынша зерттеу жұмысының жүргізілу барысы: ересектер тобындағы балаларға алдын-ала ақ қағаз таратылып оның бетіне саты салып, оны жеті бөлікке бөлу керектігі түсіндірілді. Сатыдағы бөліктерді фишкалармен белгілеп отырулары тиіс (фишка ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі бағалауын білдіреді).

Сонымен бірге басқа ақ қағаз балаларға таратып бердік те, олардан басқа фишкалармен қоршаған ортадағы өз орындарын, құрдастарының орындарын, ата-аналарының орындарын, тәрбиешілердің орындарын көрсетіп беруді өтіндік.

Берілген әдістеме ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі бағалауының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Берілген әдістеме ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі бағалауының тұрақтылығы мен қарама-қайшылығы, тұлғаның балаларға деген көзқарасының деңгейі, өзін-өзі бағалаудың деңгейлері, баланың өзі туралы ойының адекватты болуына байланысты мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді.

В.Г. Щурдың балалардың өзін-өзі бағалауын оқып білуге арналған «Саты» әдістемесінен кейін мектепке дейінгі ұйымның, ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі бағалауын зерттеу үшін психологтар А.М. Прихожан, З. Василяускайтенің «Өзіңді сал» әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме ересектер тобындағы балалардың тұлғалық қасиеттің оқып білуде жоба ретінде қолданылатын әдістеме.

Берілген әдістеме бойынша зерттеу жұмысының жүргізілу барысы:

А.М. Прихожан, З. Василяускайтенің «Өзіңді сал» әдістемесі белгілі бір түрлі түсті қарындашпен үш түрлі сурет салуға негізделеді.

Әдістеменің бірінші бетіне – балалың аты-жөні, тегі, жынысы, ал екінші жағына қара немесе қоңыр қарындашпен «ұнамайтын ұл» немесе «ұнамайтын қыз», үшінші бетіне көк және қызыл түспен «ұнайтын ұл» немесе «ұнайтын қыз», төртінші бетке - өзінің «Менін» барлық түстермен салу керектігі түсіндіріледі.

Бұл әдістеменің негізгі мақсаты: ересек топтағы балалардың өзін-өзі бағалауы мен жалпы балалардың эмоционалды қарым-қатынасын оқып үйрену.

Одан әрі ересектердің жетекші іс-әрекеттерінде көрінетін өзін-өзі бағалаудың ерекшеліктері көрініс беретін бала дамуын-психологиялық жағынан зерттеу әдісі – *бақылау* қолданылды.

Біз мектепке дейінгі ұйымның, ересектер тобындағы балалардың өзін-өзі бағалауын зерттеу үшін, балалардың сабақ үстіндегі, серуен кезіндегі іс-әрекеттеріне, олардың сабақ үстіндегі жеке сөздеріне, сөйлемдеріне, құрбылармен қарым-қатынасына, ойын кезіндегі әрекетіне назар аудардық және бұлардың бәрін күнделікке жазып отырып талдадық, тиісті қорытынды жасадық.

Біз жүргізген бақылау жұмысы төмендегідей деңгейлерді қарастырды:

- бос ойын кезінде баланың іс-әрекетін бақылау;
- ойынды бастаушыны бақылау;
- ойын кезінде басқа балалардан ұсыныстың түсуін бақылау,
- басқа балалардың көзқарасын ескеру;
- басқалардан рөлдерді қабылдау немесе өздігінен рөл таңдау;
- ең басты немесе екінші дәрежелі рөлдерде ойнау;
- басқа балалардың айтқан сынын жөндеуге ұмтылуы;
- ойын кезінде баланың белсенді болуы.

Бақылау процесінде біз балалардың мінез-құлқындағы сыртқы белгілері мен; оның әр түрлі заттармен іс-әрекетін, сөйлеген сөздерін, мәнерлі қимылдарын, балалармен қарым-қатынасын, өзіндік сананың дамуын, балалардың өзін-өзі бағалауын қадағалай алдық. Бізді сыртқы көріністер ғана емес, соның астарында жасырынған психикалық процестер, сапалар, көңіл-күйлер қызықтырды. Бақылау бізге ересектер тобындағы балалардың ойын кезінде өзін-өзі бағалаудың көрініс беруі мен оның кейбір ерекшеліктерінің болуын анықтауға мүмкіндік берді.

Одан әрі біз зерттеуімізде қолданған әдістеме мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға арналған «Екі үй» атты әлеуметтік өлшем әдісі.

Бұл әлеуметтік өлшем әдісі ересектер тобындағы балалардың арасынан жұлдыздарды, өзіңе ұнататын адамдарды анықтауға мүмкіндік береді. Балаларға алдын-ала ақ қағаз таратылады. Бұл ақ қағаздың бетіне екі үйді орналастырып салыулары қажет. Үйлердің біреуінің түсі қызыл, біреуінің

түсі қара. Қызыл түспен салынған үйге өздеріне жағымды балалар енсе, қара түспен салынған үйге ұнамсыз балалар кіреді.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінен бақылағанымыздай өзі мен досының сапаларына талдау жасай келгенде үлкенірек балалар досын өзінен жоғарырақ бағалайды, яғни өзіне сыни көзқарас танытады. Өзіне сыни көзқарастың артуы ең алдымен өзіне деген талабының артқандығын білдіреді. Өз кемшіліктерін көре білген бала өзі үшін өзгерістер бағдарламасын белгілеуі әбден мүмкін. Яғни бала өзінің несін өзгертуі керек екендігін түсінеді, бұл әрине ересектер тобындағы балаланың өзін-өзі бағалауының дұрыс дамуы үшін маңызды жағдай. Тағыда бір маңыздысы, өзіне сыни көзқарас таныта алған бала өзгелерге деген көзқарасын да жақсарттады: балалар анағұрлым қайырымдырақ бола түседі, өз достарының қателігіне кешірімділікпен қарайды.

Алайда өзіне деген сыни көзқарас көп болса онда ол өзін ашық жеккөрушілікке ұласып кетуі мүмкін. Осыдан біз сақ болуымыз керек. Балаланың өзін-өзі бағалауында қайшылықтардың болуы – үлкендер үшін мазасындануға болатын белгі. Мұндай жағдайда бала өміріне сыпайылықпен, білдірмей ғана араласып, тәрбиеші-педагог немесе психолог балаланың жол тауып шығуына көмектесуі керек.

Балалар топтарында пайда болатын күрделі иерархия рөлдерді бөлісу туралы мәселе қойып отарды. Бұл жерде күрделі емес нәрсе болмайды. Бұл жерде өз орынын бала қалай табуы тиіс? Баланы адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен сапалары түсіне білуге, спортта айтылатындай майыспауға үйретудің маңызы өте зор.

Өзі жайлы шынайы да айтарлықтай толық білімінің болуы ғана балаланың өміріне нағыз тірек бола алады. Бұл жолдағы тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі – баланы үнемі өзін-өзі бақылауда ұстауға үйрету.

Одан әрі балалар «*Өзіңе жақсы сөздер айт*» жаттығуын орындады.

Жаттығудың жүргізілу барысы төмендегідей:

Ересек тобындағы балалар кезегімен бізге келіп, бізбен бірге төмендегідей сөздерді қайталайды:

- Менің өзіме ұнайтын қасиеттерім
- Мен өзімді құрметтеймін, себебі мен тілалғышпын.
- Мен бүгін мынадай жақсылық жасадым.....
- Достарымды жақсы көремін, себебі олар маған көмектеседі.

Алынған сандық және сапалық талдауға түсіп, сонымен бірге зерттеудің қорытындысына статистикалық талдау жасалды.

Мектепке дейінгі ұйымдардың психологтары мен тәрбиеші педагогтарына, ата-аналарға зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей ұсыныстар беруді жөн көрдік:

- Баланы алдына мақсат қоя білуге, алдынан кездесетін сәтсіздіктерге, түрлі кеденсіз оқиғаларға қарсы тұруға үйрету;
- Балалар мен ата-аналар қарым-қатынасын ретке келтіру;
- Баланы сүйіспеншілікке, мейірімділікке, басқаның ойын сыйлауға тәрбилеу;
- Баланы биіктерден көрінетіндігіне сендіре білу;
- Уақытында баланың тәрбиесі мен оқуына мән беру;
- Балалардың өздерімен жастағылардың қарым-қатынасын ретке келтіру және бағалау;
- Баланың құрбыластарымен тез қарым-қатынасқа түсуіне жағдай жасау;
- Баланың жолында кездесетін қиындықтарды шешуге қол ұшын беру;
- Баланың бойындағы қабілеттерін дамыту;
- Баланы әрдайым дұрыс бағалау;
- Баланың мазасындануы мен істеген қылықтарын дұрыс талдау;
- Қиындықтан шығудың жолын баласымен бірге шешеу;
- Қиындықты шеше алатындығына баланың көзін жеткізу.

Біздің зерттеуіміздегі мектепке дейінгі кезең кездейсоқ қарастырылып отырған жоқ, бұл жас кезеңі - баланың өзін-өзі сезінуінің, адамдар арасындағы түрткілер мен қажеттіліктердің бастапқы баспалдағы болып табылады. Сондықтан да, осы жас кезеңде дифференцияланған адекватты өзін-өзі бағалаудың негіздерін қалыптастыру өте қажет. Бұның бәрі қоршаған ортаның талаптары мен міндеттерін орындауда баланың өзін бағалауына, өзінің күшін басымдылығын білуіне жағдай жасайды, осыған сәйкес өзінің алдына жаңа мақсат пен міндеттер қоюға жол ашылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айтжанова Р.М. Этнос субъектісін қалыптастырудың этнопедагогикалық негіздері. – Қарағанды «Санат-Полиграфия», 2005. – Б. 6-7.
2. Урунтаева Г.А. Диагностика психологических особенностей дошкольника: Практикум. – М., 1999. – С. 57.
3. Урунтаева Г.А. Практикум по дошкольной психологии: Учеб. пособ. - М., 1998. – С. 21-23.
4. Калинин С.И. Компьютерная обработка данных для психологов. – М., 2002. – С. 69-70.

Жәнібек Д., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультеті, ПЖП-41 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.м., аға оқытушы Манашова Г.Н.*)

ОТБАСЫНАН ТЫС ТӘРБИЕЛЕНГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚОҒАММЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Қазіргі таңда елімізде жетім балаларға және ата-ана қамқорлығынсыз өскен балаларға деген қарым-қатынас тым нашарлап бара жатыр. Неге десеңіз? Адамдарда қалыптасқан пікір бойынша белгілі бір отбасында өспеген баланы, ата-анасы жоқ баланы, яғни, ата-ана қамқорлығын көрмеген баланы – жаман деп есептеуді әдетке айналдырған.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларда аса маңызды әлеуметтік құрылым – отбасының ықпалы жетіспейді. Тәрбиеленушілер үшін балалар үйі – уақытша болатын жер, оқу аяқталғаннан соң балалар өздігінен өмір сүру үшін ашық әлеуметтік ортаға шығарылады. Тәрбиеленушілердің өмір жолдарының ойдағыдай болуы оларды балалар үйінің дербес өмірге қаншалықты дайындағанына байланысты. Жеткілікті өмірлік тәжірибесі жоқ, әдеттегі қамқорлық пен өмір салтынан айырылған бұрынғы тәрбиеленушілер дербес өмірге кірісуге дайын емес болып шығады. Балалардың есеюі олардың ересектермен белсенді өзара әрекеттестігі жағдайында мүмкін болады. Сондықтан жетімдік өмір салтының ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың әлеметтенуі мен дербестену процесіне жағымсыз ықпал етуі, сондай-ақ ересектердің балаларға қатысты позицияларының қалыптасуына ықпал еткен қоғамдағы елеулі өзгерістер, міне бұлардың бәрі әр түрлі әлеуметтік құрылымдардың тәрбиелік ықпалдарын онтайландырудың мүмкіндіктері мен жеке тұлға қалыптасуының жаңа резервтерін іздестіру қажеттілігіне әкеледі.

1994 жылы 11 қарашада қабылданған «Бала құқығы туралы» Конвенциясында әрбір баланың, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын құрметтелуін және қамтамасыз етілуін көздейді. Бірақ біздің қоғамда бұл толық орындалып жүр деп айту қиын [1].

Әрине, ата - ананың көрсеткен қамқорлығымен, белгілі бір адамдардың көрсеткен қамқорлығын салыстыруға келмейді. Өз қаныңнан тумаған балаға, ата-ананың көрсеткен мейірбандығын көрсету өте қиын. Өйткені, ата-ананың баласына көрсеткен мейірімділігіне тең келер ешнәрсе жоқ. Дегенмен де, ол балаларды тәрбиесіз, қатігез немесе тас жүрек деп айтуға да болмайды. Өйткені, адам көрмеген затын жасауы қиын. Ал ондай жағдайда тәрбиеленетін балалар, яғни, ата-ананың мейірімін көре алмаған бала мейірімділік жайлы түсінігі де толыққанды қалыптаспағаны да анық. Және ол балалардың өмірге деген көзқарасы, толыққанды отбасында өскен балалардан айырмашылығы болатыны да даусыз.

Олар да жақсы адам бола алады, одан да жоғары дәрежеге жетуі мүмкін. Бала – өскен ортасында қалыптасатын тұлға, яғни, қоршаған ортасының нәтижесі. Егер біздің оларға қарым-қатынасымыз және көзқарасымыз жоғарыда айтылған деңгейде болатын болса, онда олардың сондай қатігез болуына бірден-бір себепкер біз болғанымыз.

Жетімдер мен жетімханалар жайлы алғашқы мәліметтер дәуіріміздің IV ғасырынан (335 жыл, Цареград) бастау алады, ал олардың көбею кезі Еуропада XVII ғасырдың тұсы болып саналады. 1760 жылы испан елінің бір дін қызметкері «жетімханада бала көңілсіз күй кешеді және көбі қайғы-мұңнан өледі» деп жазған. Алайда жабық типтегі балалар мекемелерінде өмір сүрудің салдары ғылыми мәселе ретінде тек XX ғасырда ғана қарастырыла бастады [2].